ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**
Кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд.,қауым.проф.
_____К.К. Алимова
«10» ____05____2019 ж.

Дипломдық жобаға
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Ақмола облысы Ерментау аудан орталығын сумен жабдықтау жүйесін жобалау»

Мамандығы 5В080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Орындаған Айдаржанқызы Б.

Жетекші
техн.ғыл.д-ры, проф.
_____М.М. Мырзахметов
«10» ____05____2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5В080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

**БЕКІТЕМІН**
Кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд.,қауым.проф.
_____К.К.Алимова
«_4_»__03__2019ж.

**Дипломдық жоба орындауға**
**ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Айдаржанқызы Бота*
Тақырыбы: *«Ақмола облысы Ерментау аудан орталығын сумен жабдықтау жүйесін жобалау»*
Университет Ректорының *2018 жылғы «30» қазан №1210-б* бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі *2019 жылғы «30» сәуір*
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: *Ақмола облысының Ерментау аудан орталығы Сумен жабдықтау жүйесінің казіргі жағдайы, жобалау аймағының геологиялық және гидрогеологиялық мағлұматтары.*
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
*а) Технологиялық бөлім;*
*б) Су пайдалану нысан құрылыстарын салу технологиясы;*
Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
1) *Ерейментау қаласының бас жоспары*; *2) Су құбыры торабының монтажды сулбесі; 3) Су тазарту ғимараттары; 4) Жедел сүзгі сулбесі;*
Ұсынылатын негізгі әдебиет *10 атаудан*

Дипломдық жобаны дайындау

**КЕСТЕСІ**

| Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі | Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері | Ескерту |
|---|---|---|
| Технологиялық бөлім | 12.02.2019-30.03.2019 | |
| Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы | 01.04.2019-30.04.2019 | |

Дипломдық жоба болімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

**қолтаңбалары**

| **Бөлімдер атауы** | **Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі(ғылыми дәрежесі, атағы)** | **Қол қойылған мерзім** | **Қолы** |
|---|---|---|---|
| Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы | А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., лектор | 30.04.19 | |
| Норма бақылау | А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., лектор | 30.04.19 | |

Жетекші _____ М.М. Мырзахметов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Б. Айдаржанқызы

Күні «10» _____05_____ 2019ж.

## АҢДАТПА

Бұл жобада Ерейментау қаласын сумен жабдықтау жүйесі жобаланып қарастырылды. Қалаға қосымша сумен жабдықтау ұңғымаларын орнатып, тазарту ғимараттарын орналастыру жобаланды.

Сумен жабдықтау жүйесінің құбыр желілері, су алу ғимараттарының гидравликалық есебі жасалды. Жобаланған су тазарту ғимараттарының есебі технологиялық бөлімде келтірілген.

Су нысандарының құрылыс технологиясы бөлімінде су жүргізу аймағының жер жұмыстары, керекті техникалардың есебі есептеліп көрсетілді.

Қаланың бас жоспары, монтажды сұлба, су алу ғимараты және тазарту ғимараттарының сызбасы сызылды.

Судың 1 м3 өзіндік құны және сметалық құрылыс құны анықталды.



## АННОТАЦИЯ

Проект предусматривает проектирование системы водоснабжения города Ерейментау. Планируется установка дополнительных водозаборных колодцев для города и размещение очистных сооружений.

Гидравлический расчет систем водоснабжения, водозаборных сооружений. Расчет назначенных водоочистных сооружений приведен в технологическом разделе.

В разделе строительства объектов водного хозяйства произведен расчет земляных работ и необходимых оборудовании.

Составлены генеральный план города, схема установки, чертеж водозабора и схема очистных сооружений.

Стоимость 1 кубометра воды была оценена и стоимость строительства.



## ABSTRACT

The project involves designing a water supply system for the city of Yereymentau. It is planned to install additional water wells for the city and the placement of sewage treatment plants.

Hydraulic calculation of water supply systems, water intake structures. The calculation of the designated water treatment plant is given in the process section.

In the section of construction of water management facilities, earthworks and the necessary equipment have been calculated.

The master plan of the city, the assembly scheme, the drawing of the water intake and the scheme of the treatment plant are scaled using the actual scale.

The cost of 1 cubic meter of water was estimated and the cost of construction.

## МАЗМҰНЫ

**КІРІСПЕ** 2
1.Технологиялық бөлім 3
1.1 Нысанның қысқаша мінездемесі 3
1.1.1 Орналасқан жері 3
1.1.2 Табиғи-климаттық жағдайлар 4
1.2 Есептік су шығындар 5
1.3 Өрт сөндіруге қажетті су шығының анықтау 7
1.4 Жасыл алқаптар мен көшелерді суаруға қажетті су шығындары 8
1.5 Елді мекендегі су шығынының қажеттітәуліктік орташа су шығыны 9
1.6 Сорап станциясының жұмыс режимін анықтау 11
1.7 Арынды мұнараның есебі 12
1.8 Таза су резервуары есебі 13
1.9 Су құбыры торабының гидравликалық есебі 14
1.10 Су алу ғимараттары 15
1.11 Су тазарту ғимараттарының есебі 17
1.11.1 Су көзіндегі судың сапасын бағалау 18
1.11.2 Жедел сүзгі есебі 18
1.11.3 Суды зарарсыздандыру қондырғысы 18
1.12 Санитарлы қорғау аймағы 21
2 Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы 22
2.1 Жер жұмыстарын жүргізу 23
2.1.1 Траншеяның геометриялық өлшемдерін және көлемдерін анықтау 23
2.2 Жер қазу жұмыстарына қажетті негізгі машиналар мен механизмдерді таңдау 24
2.3 Құрылыс бас жоспарын ұйымдастыру 24
2.4 Құрылыс алаңына қажетті су мөлшері 26
2.5 Құрылыс аланың электр қуатымен жабдықтау және жарықтандыруды жобалау 26
2.6 Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау 27
**ҚОРЫТЫНДЫ** 28
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** 29
**ҚОСЫМШАЛАР** 30

# КІРІСПЕ

Сумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау – елді мекендерді, өнеркәсіп кәсіпорындарын, көлікті және т.б. сумен қамтамасыз ету жөнінде атқарылатын әртүрлі жұмыстардың жиынтығы.

Сумен қамтамасыз ету міндеттерін жүзеге асыратын инженерлік құрылыстар кешені сумен қамтамасыз ету жүйесі немесе су құбыры деп аталады. Елді мекендерді сумен қамтамасыз етудің қазіргі кездегі жүйесі талықтандырылған. Олардың әрқайсысы тұтынушылардың үлкен тобын сумен қамтамасыз етеді. Сумен қамтамасыз ету мақсаты үшін жер үсті (өзен, көл, бөген, теңіз) және жер асты сулары пайдаланылады.

Жобалауға арналған материалдар: елді мекеннің құрылыс бас жобасы, өнеркәсіп орындарының сипаттамасы.

Сумен жабдыкtау адамдарды өмірінде үлкен мағынасы бар. Бұл адамдардың өмірінде өмір сүру деңгейін көтеру үшін, елді мекеннің абаттандыру жағдайын және су ресурстарын тиімді пайдалану үшін қажет.

Елді-мекендерді таза сумен қамтамасыз етудің үлкен гигеналық маңызы бар, өйткені адамдарды судан келетін эпидемиялық аурулардан сақтауды қамтамасыз етеді. Елді-мекенге қажетті мөлшерде таза суды беру абаттандыру деңгейінің жоғарылайтынын көрсетеді. Қазіргі кезде қалаларды сумен қамтамасыз ету үшін ірі көлемде млн. текше метр су қажет етеді. Бұл мәселерді орындау, тиісті табиғи су көздерін таңдауға және оларды ластанудан қорғау қажет.

Өнеркәсіп орындарының жылдан жылға өсуі су көздерінің ластануы мен әр-түрлі ауруларды жұқтыруына әкеледі. Сондықтан тұрғындарды таза сумен қамтамасыз етудің үлкен мәні бар. Осы айтылғандарға қорытынды шығарсақ судың талабы ҚР СанНж/еЕ 3.01.067-97 – Ауыз су талаптарына жауап беру қажет. Сумен жабдықтау көздері мен су алатын орындарды тиімді де үнемді пайдалану қажет. Осыған байланысты су қорларын орынды пайдалану, судың сапасы, ғимараттар құрамы, су құбырларының суды үнемі және сенімді беруін қамтамасыз етеді.

Сумен жабдықтау объектісі болып Ақмола облысы Ерейментау ауданындағы Ерейментау қаласы, аудан орталығы алынды. Сумен жабдықтау көзі жер су көзі жер асты сулары болып табылады. Осы мақсатпен сумен жабдықтау жүйесіне су қабылдайтын ғимараттар, суды арынмен тазарту орындары, жинағыш резервуарлар мен тұтынушыларға жеткізетін сорғыш станциялар, тазарту ғимараттары, сақтау мен реттеуге арналған резервуарлар мен арынды су мұнаралары, суды үлестіру мен тұтыну жеріне жеткізуге арналған су өткізуші құбырлар мен үлестіруші тораптар кіреді. Ең жауапты мәселелердің бірі - сумен жабдықтау объектісін сумен үздіксіз қамтамасыз ету кезінде, су алу ғимараттары пайдаланылып жатқан табиғи сулардың құрамы мен ерекшелігін бақылауда ұстау керек.

# 1 Технологиялық бөлім

## 1.1 Нысанның қысқаша мінездемесі

### 1.1.1 Орналасқан жері

Жобаланушы обьект – Ақмола облысы, Ерментау ауданының әкімшілік орталығы, Ерейментау қаласы.

Жұмыс барысында бірнеше зерттеулер жүргізіліп, ауданның жалпы аумағына, халық санына, жер бедері мен табиғат жағдайларына, инженерлік желілер құрылыстарына байланысты, мәліметтер жинақталды.

Аудан орталығы - Ерментау қаласы Астана қаласынан облыс орталығынан 145 км қашықтықта орналасқан. Автомагистраль Астана – Ерментау – Павлодар, Ерментау – Бестөбе жолдарын байланыстырады. Ерментау – Айсары.

1928 жылдың қыркүйек айында Қарағанды облысының Еркіншілік ауданы ретінде құрылған. 1939 жылы Ақмола облысының қарамағына берілген. Ал 1954 жылдың 11 қыркүйегінде аудан орталығы Ерментау кентіне аударылды. 2 қаңтар 1963 жылы аудан Ерментау, ал 1977 жылы – Ерментау болып өзгертілген. Әкімшілік орталығы – Ерментау қаласы. (1954 жылға дейін Благодатное а.). Әкімшілік-аумақтық құрылымы 14 ауылдан және 1 қаладан тұрады.

Аудан Сарыарқаның солтүстік-шығысындағы дала белдемінде, Сілеті, Өлеңті өзендерінің алабында орналасқан. Солтүстік бөлігінің жер бедері биіктігі 300 м-ден аспайтын белесті жазық. Оңтүстікке қарай күмбезді, үшкілді төбелер мен жондардан тұратын денудациялық ұсақ шоқылар делювийлік-пролювийлік аккумуляттік жазықпен және бойлық бағытта созылған Ерейментау тауымен алмасады. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай Сілетінің басты салалары – Ащылыайрық, Ақмырза, Кедей, Шилі (оң) және Өлеңті өзендері ағып өтеді. Суы тұщы, көлдер көп, олардың ірілері: Қабланкөл, Бозайғыр, Әжібай, т.б. Жер асты сулары 30 – 50 м (оңтүстігінде 100 м-ге дейін) тереңдікте кездеседі. Аудан жерінің солтүстік бөлігі сортаңды қызыл қоңыр топырақты, оңтүстігі қызыл қоңыр топырақты. Таулы өңірінде қара топырақ, өзен, көл жайылмаларында шалғындық сортаң топырақ қалыптасқан. Тың және тыңайған жерлерді игерген жылдары аудан жерінің көпшілігі жыртылған.

Ауданның жер қойнауында алтын, сүрме, тас көмір, боксит, тұз, әктас, гранит, қиыршықтас, құм кен орындары барланған. Тау қойнауында тас көмір, дала шпаттары, гранит, әктас, тұз, құмтас, тағы да басқақазба байлықтар бар.

### 1.1.2 Табиғи – климаттық жағдайлар

Ерментау қаласының ауа-райы құбылмалы-континенталды. Ерментау - елеулі жауын-шашын болатын қала. Құрғақ айда тіпті жаңбыр көп. Көктем, күз мезгілдерінде 125-185 мл жауын түседі. Жыл сайын 325 мм жауын-шашын жауады. Ең суық және ең сирек айлар арасында 40 мм жауын-шашынның айырмашылығы бар. 135-140 күн аралығында ауаның температурасы 10 градустан жоғары болады. Ерментаудағы орташа температура 1,8 ° С құрайды. Ерментаудағы климат суық және қалыпты климатқа жақын. 125-140 күн аралығында  қалыпты қар жатады, оның биіктігі 16-35 см дейінжетеді.Қар құрамындағы су қоры 40-90 мм аспайды. Аязсыз кезең 100 күннен артық. Жылы кезеңнің ұзындығы 194-205 күн. Шілде - жылдың ең жылы айы. Шілде айындағы орташа температура - 20,2 ° С құрайды. Қаңтар - ең суық ай, орташа температурасы – минус 25-30°С градус суық. Жыл бойы 37.0 ° С-тан келеді.

Жауын шашынның деңгейі аудан бойынша тұрақты да бірқалыпты емес. Жазғы ыстық айларында жаңбырмен найзағай ілесіп жүреді.

### 1.2 Есептік су шығындары

Сумен қамтамасыз ету обьектісі – Ақмола облысы Ерментау ауданы Ерейментау қаласы. Халық саны – 2018 жылдың 1 қаңтарында 10589 адам.

Техникалық тапсырмаға сәйкес Ерментау қаласын сумен қамтамасыз ету жүйесін жобалау қаланың айналма желісін қолданып отырған су құбыры көзіне жалғап қосуды көздейді.

Сыртқы өрт сөндіруге судың шығыны ең көп судың жұмсалуын талап ететін ғимаратқа арналған «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенттін 7-қосымшасына сәйкес алынған және 10 л/с құрайды (бір өртке). Жобаланушы тұрғын қаладағы тұрғындар саны 1000 адамға болғанда бір уақытта болатын өрттің есептік саны – бір өртті құрайды.

ҚР ҚН 4.01-41-2006 сәйкес ішкі өртті сөндіруге судың шығыны талап етілмейді. Тұрғын ауданның өртке қарсы су құбыры шаруашылық-ауыз су құбырымен біріктірілген.

Сыртқы өрт сөндіру – өрт сөндіру гидранттарымен жүзеге асырылатын болады, олар су құбыры желісінде, автожолдаржан бойына, көлік жүретін бөліктін шетінен 2,5 метрден кем емес қашықтықта орналастырылады. Өрт сөндіру гидранттарының арақашықтығы қаланың кез келген ғимаратының өртенуін сөндіру шарты бойынша екі гидранттан бастап қабылданады (бірақ 150 метрден артық болмау керек).

Жобаланушы су құбыры желілерінің болжамдық ұзындығы метрді құрайды.

Орташа тәуліктік шаруашылық-ауыз су шығыны тұрғындардың санына және суды тұтыну нормасына байланысты мынадай формула бойынша анықталады, м$^3$/тәу:

$$Q_{\text{орт.тәу.}} = \frac{q_{\text{н}} \cdot N_{\text{а}}}{1000}, \quad (1)$$

мұндағы $N_{\text{а}}$ – елді мекендегі тұрғындардың саны;

$q_{\text{н}}$ – бір адамға шаққандағы тәуләктегі су тұтыну нормасы, л/тәу.

Су тұтыну нормасы Қазақстан Республикасы құрылыстық нормалары және ережелеріне (ҚН 4.01.02-2009) сәйкес кесте бойынша тұрғын үйдің абаттандыру дәрежесіне байланысты.

Су ең көп және су ең аз қолданылатын тәуліктердегі су шығыны $Q_{\text{тәу.макс.}}, Q_{\text{тәу.мин.}}$ анықталады, м$^3$/тәу:

$$Q_{\text{тәу.макс.}}^{\text{тәу.мин.}} = K_{\text{тәу.макс.}}^{\text{тәу.мин.}} \cdot Q_{\text{тәу.орт.}}, \quad (2)$$

мұндағы: $K_{\text{тәу.макс}}$, $K_{\text{тәу.макс}}$ – тәуліктегі біркелкі еместік коэффициенттері. $K_{\text{тәу.макс.}} = 1{,}2$, $K_{\text{тәу.мин.}} = 0{,}8$ деп алынды.

Су ең көп ең аз қолданылатын сағаттардағы су шығындары мына формулалармен анықталады, м$^3$/сағ:

$$Q_{\text{сағ.мин.}}^{\text{сағ.макс.}} = K_{\text{сағ.мин}}^{\text{сағ.мин.}} \cdot \frac{Q_{\text{орт.тәу.}}}{24}, \quad (3)$$

мұндағы $K_{\text{сағ.макс.}}$, $K_{\text{сағ.макс.}}$ – сағаттағы біркелкісіздік коэффициенттері. Олар

$$K_{\text{сағ.мин}}^{\text{сағ.мин.}} = \alpha_{\text{макс.}}^{\text{мин.}} \cdot \beta_{\text{макс.}}^{\text{мин.}}, \quad (4)$$

мұндағы $\alpha$ – ғимараттарды абаттандыру дәрежесін, кәсіпорындардың жұмыс режимін және $\alpha_{\text{макс.}} = 1{,}3; \alpha_{\text{мин.}} = 0{,}5$; түріндегі басқа да жергілікті жағдайларды ескеретін коэффициент;

$\beta$ – елді мекендегі тұрғындардың санына байланысты қабылданатын коэффициент, ҚН 4,01,02-2009 сәйкес $\beta_{\text{макс.}} = 1{,}31; \beta_{\text{мин.}} = 0{,}21$.

Орташа тәуліктік, максималды, минималды және сағаттық су шығындарының есебі А.1 – кестеде келтірілген.

*Шоғырланған шығындарды анықтау*

Шоғырланған шығындарға қаладағы мектеп, аурухана, балабақша, монша сияқты қоғамдық мекемелердің шығындары кіреді.

Шогырланған шығын келесі формуламен анықталады, м3/тәу:

$$Q_{\text{орт.тәу.}} = \frac{q_{\text{н}} \cdot N_{\text{а}}}{1000}. \quad (5)$$

мұндағы $N_{\text{а}}$ – қоғамдық мекемедегі адам саны;

$q_{\text{н}}$ – ҚН бойынша әр мпекемеге байланысты су тұтыну нормасы.

Мектеп, емхана және моншаға қажетті су шығыны ҚР ҚН 4.01-41-2006 бойынша есептеледі. Яғни, мектеп бойынша бір балаға шаққандағы су тұтыну нормасы – 20 л/тәулік, емхана бойынша су тұтыну нормасы – 200 л/тәулік, монша бойынша – 180 л/тәулік, балабақша – 21,5 л/тәулік.

Шоғырланған шығындар А.2 – кестеде келтірілген.

### 1.3 Өрт сөндіруге қажетті су шығының анықтау

Өрт сөндіруге жұмсалатын су шығыны оттың ошағының аймағына, обьектінің өртке қауіптілігі категориясына, судыберуге арналған техниканы пайдаланудың тиімділігіне байланысты.

Өртті сөндіруге қажетті судың шығыны обьектінің өртке қауіптілігіне және оның маңыздылығына байланысты. Өртті сөндіруе қажетті судың шығыны нормативтік құжаттарда берілген. Елді мекендерде өртті сөндіруге қажетті судың шығыны құрылыстың сипаты мен халықтың санына, орналасу тығыздығына байланысты. Осы дипломдық жобадағы Ерментау қаласының халық саны 10589 адам болғандықтан ҚР ҚН 4.01.02-2009, 5-кестесіне байланысты есептік бір мезгілдегі өрт болу саның – 2, ал өртке қарсы су шығының - 15 л/с деп қабылдаймын. Өртті сөндірудің ұзақтығы – 3 сағатқа тең деп қабылданды.

Сыртқы және ішкі өрттік сушығындары келесі формула арқылы анықталады, л/с:

$$Q_{\text{өрт}}^{\text{сыртқы}} = n + q, \quad (6)$$

$$Q_{\text{өрт}}^{\text{ішкі}} = 2{,}5 \cdot n, \quad (7)$$

мұндағы n – ішкі немсе сыртқы өрт болу саны

Жалпы өрттік шығын, л/с:

$$Q_{\text{өрт}} = Q_{\text{өрт}}^{\text{сыртқы}} + Q_{\text{өрт}}^{\text{ішкі}}. \quad (8)$$

Максималды өрттік шығын, м3/тәу:

$$Q_{\text{макс.тәу.}}^{\text{өрттәк}} = Q_{\text{өрт}} \cdot K_{\text{макс.}} \quad (9)$$

мұндағы $Q_{\text{орт}}$ – жалпы өрттік шығын,

$K_{\text{макс.}}$ – біркелкісіздік коэффициенті.

Өрттік шығындардың есебі А.3-кестеде көрсетілген.

## 1.4 Жасыл алқаптар мен көшелерді суаруға арналған су шығыны

ҚН сәйкес келесі нормалар қарастырылған: Жасыл алқаптар жалпы елді мекен ауданының 6% -ын, ал көшелер 5% -ын құрайды.

Жасыл алқаптарды суаруға 4-6 л/м2, ал көшелрді жууға 0,4 л/м2 су жұмсалады. Жасыл алқаптар мен көшелердің қажетті ауданы келесі формулалармен анықталады, га:

$$F_{\text{жас.алқ.}} = F_{\text{елд.мекен}} \cdot F_{\text{жас.алқ.}}, \quad (10)$$

$$F_{\text{көше}} = F_{\text{елд.мекен}} \cdot F_{\text{көше}}, \quad (11)$$

мұндағы $F_{\text{елд.мекен}}$ – елді мекенннің жалпы ауданы

$F_{\text{жас.алқ.}}$ – елді мекендегі болуы керек жасыл алқаптардың пайыздық көлемі

$F_{\text{көше}}$ - елді мекендегі болуы керек жасыл көшелердің пайыздық көлемі

Тұрғын жердің территориясын (көшелерді, алаңдар, өсімдік) суарып, жуып тазалауға арналған, фонтандардың жұмысына қажетті шығыны мына формуламен анықталады, м$^3$/тәу:

$$Q_{\text{жас.алқ.}} = 10 \cdot F_{\text{жас.алқ.}} \cdot q_{\text{жас.алқ}}, \quad (12)$$

$$Q_{\text{көше}} = F_{\text{көше}} \cdot q_{\text{көше}}, \quad (13)$$

мұндағы $q_{\text{жас.алқ.}}$ – жасыл алқаптарды суаруға кететін су нормасы

$q_{\text{көше}}$ – көшелерді суаруға кететін су нормасы

Жасыл алқаптардың жалпы шығыны, м$^3$/тәу:

$$Q_{\text{орт.тәу.}}^{\text{жалпы}} = Q_{\text{орт.тәу.}}^{\text{жас.алқ.}} + Q_{\text{орт.тәу.}}^{\text{көше}} \quad (14)$$

Жасыл алқаптардың максималды су шығыны, м$^3$/тәу:

$$Q_{\text{макс.тәу.}}^{\text{жас.алқ.}} = Q_{\text{орт.тәу.}}^{\text{жалпы}} \cdot K_{\text{макс.}}, \quad (15)$$

мұндағы $K_{\text{макс.}}$ – біркелкісіздік коэффициенті.

Жасыл алқаптардың есебі А.4 – кестеде келтірілген.

## 1.5 Елді мекендегі өндірістік судың шығыны

Елді мекендегі өндіріс орнына Ерментау қаласындағы машина жөндейтін зауытты алдым. Өндіріс орнында 110 адам жұмыс жасайды. Өндірістегі ыстық цехта 65 – адам, ал салқын цехта 45 – адам жұмыс істейді. Өндіріс орны екі ауысым бойынша жұмыс жасайды. Су себер қабылдайтын адам саны.

Елді мекендегі өндіріс орнының су шығыны оның *технологиялық қажеттілігіне, шаруашылық - ауыз суға, душты қабылдауға қажетті су* шығындарының қосындысымен анықталады.

*Елді мекендегі өндіріс орнының технологиялық қажеттілігіне қажетті су шығыны,* м$^3$ */тәу:*

$$Q^{\text{тех.}}_{\text{орт.тәу.}} = q_{\text{н}} \cdot N_{\text{см}} \cdot 10^{-3}, \qquad (16)$$

мұндағы $q_{\text{н}}$ – бір өнімге кететін су шығыны,

$N_{\text{см}}$ – бір ауысымда шығарылатын өнім саны.

Максималды су шығыны, м$^3$/тәу:

$$Q^{\text{тех.}}_{\text{макс.тәу.}} = Q^{\text{тех.}}_{\text{орт.тәу.}} \cdot K_{\text{макс.}}. \qquad (17)$$

*Елді мекендегі өндіріс орынының шаруашылық – ауыз суға қажетті су шығындары:*

Өндіріс орындарында жұмыс істейтін жұмысшылардың шаруашылық ауыз суға қажетті мөлшерінен ыстых цех үшін 1 адамға 45 л салқын цех үшін 25 л мөлшерімен есептеуге болады. Сонда жұмысшыларға кететін қажетті су шығыны мына формуламен анықталады, м$^3$/тәу:

$$Q_{\substack{\text{ыст.цех.}\\ \text{салқ.цех.}}} = \frac{n \cdot q_n + n \cdot q_n}{1000}, \qquad (18)$$

мұндағы $n$ - жұмысшылар саны,

$q_n$ - бір адамға қажетті су шығыны, салқын цех үшін – 25, ыстық цех үшін – 45.

Жалпы шаруашылық ауыз-су шығындары, м$^3$/тәу:

$$Q^{\text{шар.ауыз.су.}}_{\text{орт.тәу.}} = Q_{\text{ыст.цех}} + Q_{\text{салқ.цех}}, \qquad (19)$$

мұндағы $Q_{\text{ыст.цех}}$. – ыстық цех үшін су шығыны;

$Q_{\text{салқ.цех}}$. – салқын цех үшін су шығыны.

Максималды шаруашылық ауыз-су шығындары, м$^3$/тәу:

$$Q_{\text{макс.тәу.}}^{\text{шар.ауыз.су.}} = Q_{\text{орт.тәу.}}^{\text{шар.ауыз.су.}} \cdot K_{\text{макс.}}, \quad (20)$$

мұндағы $K_{\text{макс.}}$ – біркелкісіздік коэффициенті.

*Елді мекендегі өндіріс орнының душты қабылдауға қажетті су шығыны:*

Өндіріс орнындағы душты қабылдаушылардың орташа тәуліктік су шығыны жалпы жұмысшылардың ауысымындағы максималды душты қабылдаушылар санымен анықталады. Біркелкі еместік коэффициент $K_{\text{сағ}} = 1$ болғандағы су себер торының су шығыны 500 л/сағ болады, ал су себерді пайдалану уақытын 45 минут деп қабылдаймыз.

Қажетті су себер торының саны келесі формуламен анықталады:

$$n_{\text{су себер}} = \frac{N_{\text{макс.}}}{N_{\text{н}}}, \quad (21)$$

мұндағы $N_{\text{макс.}}$- максималды ауысымдағы душты қабылдау жұмысшылар саны;

$N_{\text{н}}$ - бір су себерге келетін есепті адам саны.

Су себерге кететін орташа тәуліктік су шығыны келесі формуламен анықталады, м$^3$/тәу:

$$Q_{\text{орт.тәу.}}^{\text{су себер}} = \frac{500 \cdot n_{\text{с}} \cdot K_1 \cdot 45}{1000 \cdot 60} = 0{,}375 n_{\text{с}}. \quad (22)$$

Су себерге кететін секундтық су шығыны келесі формуламен анықталады, м$^3$/сек:

$$q_{\text{су себер}} = \frac{500 \cdot n_{\text{с}}}{3600} = 0{,}319 n_{\text{с}}. \quad (23)$$

мұндағы $n_{\text{с}}$ – су себер торының саны.

Машина жасау зауыты үшін жалпы тәуліктік су шығыны м$^3$/тәу:

$$Q_{\text{жалпы}} = Q_{\text{орт.тәу.}}^{\text{шар.ауыз.су.}} + Q_{\text{орт.тәу.}}^{\text{су себер}} + Q_{\text{орт.тәу.}}^{\text{тех.}}. \quad (24)$$

Өндірістік жалпы су шығындары, м$^3$/тәу

$$Q_{\text{макс.тәу}}^{\text{жалпы.өндір}} = Q_{\text{жалпы}} \cdot K_{\text{макс.}}. \quad (25)$$

мұндағы $K_{\text{макс.}}$ – біркелкісіздік коэффициенті.

Өндірістік су шығындарының есебі А.5 – кестеде көрсетілген.

Тәуліктегі су тұтыну мөлшері А.6 – кестеде қамтылған.

Тәуліктегі су тұтыну мөлшері кестесін пайдалану арқылы, тәулік бойынша судың шығындалу, яғни су тұтыну графигі салынды. Су тұтыну графигі қосымшадағы Б.1 – сутетте көрсетілген.

## 1.6 Сорап станциясының жұмыс режимін анықтау

Бірінші сатыдағы сорап станциясы үшін (СБ I) тәулік бойы жұмыс режимі тұрақты деп тағайындаймыз, ол келесі формула арқылы анықталады, м3/сағ:

$$Q_{\text{сағ.}}^{\text{СБ1}} = \frac{Q_{\text{макс.тәу}}^{\text{елд.мек.}}}{24}, \tag{26}$$

мұндағы $Q_{\text{макс.тәу}}^{\text{елд.мек.}}$ – елді мекендегі максималды тәуліктік су шығыны.

Екінші сатыдағы сорап станциясы үшін (СБ II) суды беру графигі елді мекендегі су тұтыну графигіне сәйкес болуы керек. Су тұтыну графигіне талдау жасау негізінде екінші сатыдағы сорап станциясының жұмыс жасау үш есептік режимін қабылдаймыз.

Бірінші режим – сағат 0 дан 6 ға дейінгі уақытта ең аз минималды су беру,

Екінші режим – сағат 6 дан 7 дейін, сағат 12 ден 18 дейін және сағат 23 ден 24 дейінгі уақытта орташа су беру,

Үшінші режим – сағат 7 ден 12 дейін және сағат 18 ден 23 дейінгі уақытта максималды су беру.

Су беру аралығының қатынасын қабылдаймыз, м$^3$/сағ:

$$\frac{Q_{\text{сағ.макс}}^{\text{СБ2}}}{Q_{\text{сағ.мин.}}^{\text{СБ2}}}. \tag{27}$$

$$\frac{Q_{\text{сағ.орт}}^{\text{СБ2}}}{Q_{\text{сағ.мин.}}^{\text{СБ2}}}. \tag{28}$$

Бұл қатынастар әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ бірдей сорапты қолданғанда келесі қатынастарды қабылдайды: 1; 1,5; 2; 2,5; 3; 3,5. Егер минималды су беруде екі сорап жұмыс жасаса, ал максималды су беру кезінде бес болса, олардың су беру қатынасы 2,5.

Бір сораптың суды беру мөлшерін келесі формуламен анықтаймыз, м3/сағ:

$$Q_{\text{сағ.сорап}} = \frac{Q_{\text{тәу.макс}}^{\text{елд.мек.}}}{\sum(n_{\text{i}} \cdot t_{\text{i}})}, \quad (29)$$

мұндағы $n_{\text{i}}$ – жұмыс жасайтын сорап саны;

$t_{\text{i}}$ – аталмыш сораптың тәуліктегі жұмыс жасау сағаты.

Алғашқыда минималды суды беру мөлшері бір сораптың көмегімен атқарылса, орташа судың берілуі екі сораппен, ал максималды берілу үш сораптың көмегімен атқарылады.

Сорап станциясының жұмыс режимінің есебі А.7 – кестеде көрсетілген.

## 1.7 Арынды мұнараның есебі

Қабылданған суменжабдықтау схемасына байланысты су мөлшерін реттеп және сақтап тұру үшін дипломдық жобада арынды мұнара қарастырылған.

Арынды мұнараның жалпы көлемі мына формуламен анықталады, м$^3$:

$$W_{\text{рез.}} = W_{\text{рет.}} + W_{\text{өрт.}}, \quad (30)$$

мұндағы $W_{\text{рет.}}$- арныды мұнараның реттеуші су көлемі, м$^3$;

$W_{\text{өрт.}}$ – өртке қарсы су көлемі, м$^3$.

Арынды мұнараның реттеущі су көлемі мына формуламен анықталады, м3:

$$W_{\text{рет.}} = \frac{P \cdot Q_{\text{тәу.макс.}}}{100}, \quad (31)$$

мұндағы $P$ – арынды мұнарадағы максималды су қалдығы, пайыз;

$Q_{\text{тәу.макс.}}$ 3834,1 м3/тәу. – тәулік ішіндегі максималды су шығыны.

Өртке қарсы су көлемі мына теңдеумен анықталады, м$^3$/тәу:

$$W_{\text{өрт.}} = \left(q_{\text{сырт}} + q_{\text{ішкі}}\right) \cdot 600 \cdot 0{,}001, \quad (32)$$

мұндағы $q_{\text{сырт}}$ – сыртқы өрт сөндіруге қажетті су шығыны, 15 л/с;

$q_{\text{ішкі}}$ – ішкі өрт сөндіруге қажетті су шығыны, 5 л/с;

600 – өрт сөндіру уақыты, с;

0,001 – түзету коэффициентті.

Онда бак диаметрі:

$$D_б = \sqrt[3]{\frac{6 \cdot W_{рез.}}{3,14}}. \quad (33)$$

Арынды мұнараның бакіндегі судың биіктігі Н тең 6,55
Құрылыстық биіктігі, м:

$$H_б = 0.25 + H_0 + 0.2. \quad (34)$$

Сонымен есептеу нәтижесінде сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген типтік жоба ТЖ № 901-5-47.907 арынды мұнарасы қабылданды. Арынды мұнараның сыйымдылығы – 500 м$^3$.

Арынды мұнара есебі А.8 – кестеде келтірген.

## 1.8 Таза су резервуары есебі

Қабылданған сумен жабдықтау схемасына сәйкес дипломдық жобада резервуар қарастырылады. Резервуарға су ұңғымадан келеді.

Таза су резервуар сыйылымдылығы үш су көлемінің қосындысымен анықталады: реттеуші көлем, тазалау ғимаратының өзіндік қажеттілігіне жұмсалатын су су қор көлемі және өртке қажетті ешкім тиіспейтін су қор көлемі.

Резервуар көлемі мына формуламен анықталады, м$^3$:

$$W_{рез.} = W_{рет.} + W_{өрт.} + W_0, \quad (35)$$

мұндағы $W_{рет.}$ – резервуардағы реттеуші су көлемі, м$^3$;
$W_{өрт.}$ – өртке қарсы су көлемі, м$^3$;
$W_0$ – өз қажеттілігіне жұмсалатын су көлемі, м$^3$.

Резервуардағы реттеуші су көлемі мына формуламын анықталынады, м3:

$$W_{рет} = \frac{P \cdot Q_{тәу.макс}}{100}, \quad (36)$$

мұндағы Р – резервуар су қалдағы, пайыз;
Өртке қарсы су көлемі мынатеңдеумен анықталады:

$$W_{өрт.} = 3 \cdot \left(Q_{өрт.}^{сағ.} + Q_{шар-қ}^{макс} + Q_1\right), \quad (37)$$

мұндағы $Q_{\text{өрт.}}^{\text{сағ.}}$ – өртті сөндіруге кететін жалпы су шығыны м$^3$/сағ;

$Q_{\text{шар-қ}}^{\text{макс}}$ – сағаттардағы ең көп шығындардың жиынтығы, су көлемі, тәуліктік су тұтыну кестесінен;

$Q_1$ – бірінші көтергіш сорғыш бекетінің сағаттық су беруі.

Тазалау ғимаратының өзіндік қажеттілігіне жұмсалатын су қор көлемі тәуліктік су тұтынудың 10% шамасына тең қабылдайды.

$$W_0 = 0{,}1 \cdot Q_{\text{макс.тәу.}}. \tag{38}$$

Таза су резервуар есебі А.9 – кестеде көрсетілген.

## 1.9 Су құбыры торабының гидравликалық есебі

Ерментау қаласы үшін су құбыры торабы 8 айналымнан, осыған байланысты 18 түйіннен тұрады.

Максималды сағаттық су шығыны: $q_{\text{сағ.макс}} = 211{,}08\ \frac{\text{м}^3}{\text{сағ}} = 58{,}63\,\frac{\text{л}}{\text{с}}$.

Жалпы шоғырланған шығындар саны, л/с:

$$\sum Q_{\text{шоғ.}} = Q_{\text{өндр.}}^{\text{орт.тәу}} + Q_{\text{ау-а}}^{\text{орт.тәу}} + Q_{\text{монша}}^{\text{орт.тәу}} + Q_{\text{б.б.}}^{\text{орт.тәу}} + Q_{\text{мектеп}}^{\text{орт.тәу}}. \tag{39}$$

Біркелкі таратушы су шығыны мыны теңдеумен анықталады, л/с:

$$q_{\text{т.ш}}. = q_{\text{сағ.макс}} - \sum Q_{\text{шоғ.}}. \tag{40}$$

Меншікті су шығыны мына формуламен анықталады, л/с:

$$q_{\text{мен.}} = \frac{q_{\text{т.ш}}}{\sum L}, \tag{41}$$

мұндағы $\sum L$ – су қубыры торабындағы барлық учаскелер ұзындықтарының қосындысы, $\sum L$ =16655.

Жолай су шығындарын анықтау.

Жолай су шығыны тұйық, таратқыш тордағы әрбір учаскенің тұтынушыларға беретін су шығыны. Ол былай анықталады, л/с:

$$Q_{\text{жол.}} = q_{\text{мен.}} \cdot l, \tag{42}$$

мұндағы ***l*** – әрбір учаскенің ұзындығы, м

Су құбыры торабындағы әрбір учаскенің жолай шығының есептеу келесі кестеде көрсетілген.

Түйіндік шығындар келесі формуламен анықталады, л/с:

$$q_{\text{түй.}} = 0{,}5 \sum q_{\text{жол.}}. \tag{43}$$

Сумен жабдықтау жүйесінде құбырлардағы арын жоғалуы мына формуламен анықталады:

$$h = S \cdot q^2, \tag{44}$$

мұндағы $S$- телімдегі кедергі.

Телімдегі кедергі мына теңдеумен анықталады:

$$S = S_0 \cdot K_1 \cdot L, \tag{45}$$

мұндағы $S_0$- ұзындық бойынша меншікті гидравликалық кедергі;

$L$ - құбыр тілімінің ұзындығы;

$K_1$- түзету коэффициенті.

Гидравликалық есептеу кезінде $\Delta h$ мәні 0,5 метрден артық болса, онда мына теңдеу арқылы түзету су шығының $\Delta q$, л/с, анықтаймыз:

$$\Delta q = \frac{\pm \Delta h}{2 \sum Sq}. \tag{46}$$

*Максималды су тұтыну кезіндегі су өткізгіштердің диаметрін, сораптың арының анықтаймыз.*

Екінші көтеру сорап бекетінен су құбыры торабына дейінгі ара қашықтық, яғни су өткізгіштің ұзындығы $l_{\text{ө}} = 1000$ м, диаметрі – 400 мм. Екі су өткізгіш арқылы 57,7 л/с су құбыры торабына келеді. Әрбір су өткізгіштегі су шығыны 29 л/с. Осы су шығыны бойынша Шевелев Ф.А. кестесі арқылы бір метрдегі арын жоғалуды анықтаймыз. Су өткізгіштегі арын жоғалу мына теңдеумен анықталады, м:

$$h_{\text{с.ө.}} = i \cdot l_b. \tag{47}$$

Ең шеткі нукте №17 түйін. Сораптың арыны мен мына теңдеумен анықталады, м:

$$H_{\text{сор.}} = Z_{\text{ш}} - Z_{\text{2СБ.}} + h_{\text{е}} + h_{\text{с}} + \sum h_{\text{т}}, \tag{48}$$

мұндағы $Z_{ш}$ ж/е $Z_{2СБ.}$ – шекті нүктенің және екінші сорап бекетінің геодезиялық белгісі;

$h_{с}$ – сораптағы арын жоғалуы;

$\sum h_{т}$ – су өткізгіштегі және су құбыры торабындағы арын жоғалуының жиынтығы;

$h_{е}$ – еркін арын.

Еркін арын мына теңдеумен анықталады:

$$h_{е} = 10 + 4(n - 1), \tag{49}$$

мұндағы $n$ – қабат саны, елді мекендегі қабат саны 5-ке тең.

*Сағаттағы максималды су тұтыну және өрт кезіндегі су құбыры торабын есептейміз.*

Өрт кезіндегі су құбыры торабының гидравликалвқ есебі 10 кестеде көрсетілген, $Q_{өрт} = 58$ л/с.

Екінші көтеру сорап бекетінен су құбыры торабына дейінгі ара қашықтық, яғни су өткізгіштің ұзындығы $l_{ө} = 1000$ м, диаметрі – 400 мм. Екі су өткізгіш арқылы 57,7 л/с су құбыры торабына келеді. Әрбір су өткізгіштегі су шығыны 28,85 л/с. Осы су шығыны бойынша Шевелев Ф.А. кестесі арқылы бір метрдегі арын жоғалуды анықтаймыз. Су өткізгіштегі арын жоғалу (47) формула бойынша анықталады.

Ең шеткі нукте №17 түйін. Сораптың арыны (48) формула бойынша анықталады.

Еркін арын (49) формула бойынша анықталады.

Максималды өрт кезіндегі су тұтыну кезінде ЭЦВ – 8 – 25 – 125 сорабынан қосымша 1 дана таңдадым.

*Пьезометрлік сызықтардың графигін тұрғызамыз.*

Максималдысу тұтыну сағаты үшін, м:

$$П_{ш.н.}^{max} = Z_{ш.н.}^{max} + H_{қаж.ер.ар.}^{max}, \tag{50}$$

мұндағы $Z_{ш.н.}^{max}$ – шеткі нүктедегі жер белгісі, м;

$H_{қаж.ер.ар.}^{max}$ – қажетті еркін арын, м.

Өрт сағаты үшін, м:

$$П_{ш.н.}^{өрт} = Z_{ш.н.}^{өрт} + 10, \tag{51}$$

мұндағы $Z_{ш.н.}^{max}$ – өрт кезіндегі шеткі нүктедегі жер белгісі, м;

10 – өрт сағаты кезіндегі қажетті еркін арын, м.

Су құбыры торабының барлық түйіндерінің пьезометрлік белгісі былай есептеледі, м:

$$П_{i+1} = П_i \pm h_{i-(i+1)}, \quad (52)$$

мұндағы $П_{i+1}$ – шеткі және келесі нүктесінің пьезометрлік белгісі, м;

$h_{i-(i+1)}$ – түйін аралығындағы телімдердегі арын жоғалуы, м.

Су құбыры торабынның гидравликалвқ есебі А.10 – кестеде көрсетілген.

### 1.10 Су алу ғимараттары (ұңғымалар)

Ерментау қаласының су көзуретінде жер асты сулары қабылданған.

Қазіргі кезде аудан бойынша 44 ұңғыма жер асты артезиан суларынан сумен қамтамасыз етіп отыр. Қалаға тағы 10 ұңғыма орнату керектігі есептеліп жобаланды. Оған сорап орнату көзделеді, оның ішінде біреуі ЭЦВ–10–120–120К, алтауы ЭЦВ–8–25–125, үшеуі ЭЦВ–10–12–90 сораптары.

Осы жобланған ұңғымалардың су беру мүмкіншілігін (өнімділігін) есептейік:

$$Q_{\text{жұм.өнімд.}} = 120 + (25 \cdot 6) + (12 \cdot 3) = 306 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Тәуліктегі су тұтыну кестесі бойынша максималды су тұтыну сағатындағы су шығыны - 211,08 $\text{м}^3$/сағ.

$$306 \text{ м}^3/\text{сағ} > 211{,}08 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

### 1.11 Суды тазарту ғимараттарының есебі

#### 1.11.1 Су көзіндегі судың сапасын бағалау

Су тазарту әдісін таңдау және ғимараттың құрамын және сұлбаларын қабылдау су көздегі судың сапа көрсеткештерімен ауыз су талабын салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі жұмыс істеп тұрған Ерментау қаласының ұңғымалары әртүрлі тереңдікте орналасқан, олардың орналасу тереңдігі 80-120 м аралығында.

Осылардың 80-120 м аралығында тереңдікте жатқан ұңғымалардан шыққан су сапасының көрсеткіштері А.11 – кестеде келтірілген.

Кесте нәтижелері бойынша жобалау аймағының жер асты сулары ауыз су талабына көп көрсеткіштері сәйкес келеді, бірақ кейбір көрсеткіштері талапқа сәйкес еместігі көрсетілген. Сол көрсеткіштерді талапқа сәйкестендіру үшін су тазарту ғимараттары қабылданды.

### 1.11.2 Жедел сүзгі есебі

Сүзгілеу арнайы ғимаратттарда жүргізіледі, ол сүзгі деп аталады. Дипломдық жобада түйіршікті жедел сүзгі қабылданды. Жүтеме ретінде ірілігі 0,8-1,6 мм болатын, қабат биіктігі 1,5 болатындай түйіршіктелген керамзит және белсендірілген көмір таңдалды. Қалыпты режимдегі сүзілу жылдамдығы $V_{\text{н}} = 7$ м/сағ. Су алу ғимаратының өнімділігі $Q_{\text{өнімд.}} = 7344\,\frac{\text{м3}}{\text{тәу}}. = 306\ \text{м}^3/\text{сағ}$.

Сүзілу ауданы келесі формуламен анықталады, $\text{м}^2$:

$$\sum F = \frac{Q}{T_{cm} \cdot v_{\text{н}} - 3{,}6 \cdot n_{\text{жуу}} \cdot \omega \cdot t_1 - n_{\text{жуу}} \cdot t_2 \cdot v_{\text{н}}}, \tag{53}$$

мұндағы $Q$ – бекеттің есептік өнімділігі, $\text{м}^3$/тәу;

$T_{cm}$ – тәуліктегі бекет жұмысының уақыты, сағ.;

$v_{\text{н}}$ – қалыпты режимдегі сүзілудің есептік жылдамдығы, м/сағ.

$n_{\text{жуу}}$ – әр сүзгіні жуу саны, $n_{\text{жуу}}$ =2

$\omega$–жуу қарқындылығы, $\text{л/с} \cdot \text{м2}, \omega = 15\ \text{л/с} \cdot \text{м2}$;

$t_1$ – сағаттағы сүзгіні жуу ұзақтығы, 6 минутқа тең деп қабылданды.

$t_2$ – жууға қатысты жеңіл сүзгінің уақыты, жуу ушін 0,33 сағ деп қабылданды.

Әр сүзгіде аудандары 4 х 4 болатын, жұмыс істейтін торлар болады. Сүзгі каналмен жабдықталған. Тордың жұмыс істейтін ауданың анықтау келесі формула арқылы, $\text{м}^2$:

$$F_{\text{ф}} = a \cdot b. \tag{54}$$

